

Құрметті оқырман!!!

Сіздердің алдарыңызда мектеп жасына дейінгі балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылауға арналған жаттығулар жинағы берілген. Геометриялық пішіндер формасын дұрыс зерттеу тәсіліне балаларды ерте жасан үйрету қажет. Олардың қарапайым қасиеттерін көре білу қабілетін дамытады, геометриялық пішіндерді алуан түрлі белгілері бойынша топтай білуге үйренеді, қоршаған заттардан белгілі геометриялық пішіндермен ұқсастығын табуға үйренеді. Бұл жаттығулар қызығушылыққа, белсенділікке,


Көрпені құра.

Мақсаты: Геометриялық пішіндерімен таныстыру

Ойын құралы: Геометриялық пішіндер жинағы.

Ойын шарты: Әр түрлі пішіндер арқылы көрпені құрау. Ойынды әңгіме айту арқылы бастауға болады.

Ертеде Буратино өмір сүріпті. Оның әдемі қызыл құрақ көрпесі болыпты. Бір күні Буратино Карабас - Барабас театр қойылымына кетіп қалыпты, сол кезде Шушара тышқаны Буратиноның әдемі қызыл құрақ көрпесін кеміріп тастапты. Алдымен көрпедегі тесіктерді санап, содан кейін әр түрлі пішіндерді алып, Буратиноға көрпені құрауға көмектесті.



«Аяғына дейін сал»,
«Аяғына дейін аяқтап тұрғыз»

Қағаз беттерінде геометриялық пішіндер көрсетілген, мысалы әр түрлі көлемдегі шеңберлер бір – бірінен алшақ орналасқан. Сырт құрылысында шеңбер бейнесіндегі заттың суретін аяғына дейін салып, бітіруі тиіс. Балалар өте күрделі бейнелерді және аққала, қыздың, қуыршақтың, қоянның, сағаттың суреттерін салады. Бұл жаттығуларды негізі болып алынған геометриялық бейнелерге, мысалы үшбұрышқа басқа бейнелерді қосып, осыдан бір келбет алу.

Мақсаты: Балаларды геометриялық түсініктің дамуы геометриялық пішіндердің білімін бекіту. Ойынның мақсатын жетілдіру, оны қойып және ойынның есебін жетілдіре білу.


Басшылық: Тәрбиеші балаға алдындағы берілген мүсіндерді атап, ары қарай оны құрастырып, өзіне ұнайтын аяғына дейін аяқтауға, жолдастарының жұмысын қайталамауын айтады. Тәрбиеші балаларды жұмыстың санасына ж/е әртүрлілігіне назар аудартып, ішіндегі тамашасын таңдайды.

Салыстыр және толтыр

Мақсаты: Көріп ойлау сараптамасы бойынша пішіндердің орналасуын анықтау, геометриялық пішіндерді ойша бекіту.

Көрнекіліктер: Геометриялық пішіндер жиынтығы

Барысы: Ойнайтын екі бала. Әрбір ойыншы алдындағы кестедегі геометриялық пішіндерді мұқият қарап, сонан кейін сұрақ белгісімен берілген бос ұяшықтарға керекті пішінді оған орналастыру керек. Кім дұрыс және тез тапсырманы орындайды, сол жеңеді. Пішіндерді және сұрақ белгісінің басқаша орналастырып, ойынды қайталауға болады.






Бос төркөзді толтыр

Максаты: Геометриялық пішін туралы ойды түйіндеу. Екі топ пішінді бір – бірімен салыстырып және қарама – қарсы қоя білу, ең жақсы белгілерін табу.

Көрнекі құралдар: Үш түсті геометриялық пішіндер (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш)

Барысы: Ойнайтын екі бала. Әрбір ойыншы алдындағы кестедегі геометриялық пішіндерді терңірек оқып, оның тек көлеміне ғана көңіл бөлмей, түсіне де қарап, орналасуына мән беру керек. Орналасу заңдылықтарын тауып, сұрақ белгісімен берілген бос ұяшықтарды толтыру керек. Кім дұрыс және тез тапсырманы орындайды, сол жеңеді.

Пішіндерді және сұрақ белгісінің басқаша орналасырып, ойынды қайталауға болады



«Катесін тап», «Келесі пішін қандай? «Бұл жерде қай пішін артық және неге?»»,

«Ерекшелігін тап» - бұл есептер графикалық таблицаларда көрсетіліп, балаларға бос уақыттарында пайдалануға беріледі. Ойын сабақтары өткізілуі мүмкін. Бұны тәрбиеші өз қамқорына алады.

Максаты: логикалық түсініктердің дамуы, шешімінің дұрыстығын дәлелдеу, дұрыс еместігін жоққа шығару, талқылау.

Барысы: Ақырындап логикалық есептерді күрделендіру, қателерді тапқаннан кейін 3-4 кезектен пішіндерді санына, мінезіне қарай көбейту. Есептердің сараптамасына сұрақтардың жүйесін пайдаланып: «Таблицадағы суреттерді қара және ата. Заттардың айырмашылығы және ұқсастығы? Қай пішінді енді салу керек және неге? Пішінді саусақпен жүргізіп, сонан кейін қайсысы артық екенін айт?»

Бағдаршам

Мақсаты: Қиылыста, бағдаршамның көрсетілімімен таныстыру.

Көрнекі құралдар: жасыл, қызыл және сары доңғалақтар, машиналар, балалардың мүсіні.

Ойын барысы: Ойын бірнеше сатыдан тұрады: Ойыншылардың бірі бағдаршамның белгілі бір түсін, машинаның және балалар мүсінін жан – жақты бағыттап орналастырады.

Екіншісі қиылыстан машинаны немесе жаяу жолаушылар өтетін жолға балалар мүсінін бағдаршамның бағыты бойынша жол ережесін сақтап жүргізеді.

Сонан кейін ойыншылар орындарымен ауысады. Бағдаршаммен анықталған түстер бойынша және машинамен; жүргіншілердің орналасуына байланысты әр түрлі жағдайлар қарастырылады. Қай ойыншы ешбір қатесіз ойын барысында есептерді немесе аз қателік жіберген болса, сол ойыншы жеңіске жетеді.




Қай жерде, қандай пішін жатыр?

Мақсаты: Екі сәйкестігіне қарай пішіндердің классификациясымен таныстыру.

Көрнекі құралдар: Геометриялық пішіндер жинағы.

Барысы: Екі бала ойнайды. Әрбіреуінде пішін жиынтығы.

Жүрісті кезекпен орындайды. Әр жүрістің орындалуы кескіндегі бір пішіннің белгілі торға орналастыру. Бұл кескінде неше қатар және неше бағана бар екенін жоғары, орта, төменгі қатарда қандай пішін орналасқанын, сол бағанада екінші оң жағында, оң бағананы анықтауға болады. Пішіннің орналасуы немесе жауапта кеткен әрбір қате үшін айып ұпай тіркеледі. Ең аз айып ұпай жинаған жеңеді



«Сиқырлы шеңбер»


Шеңбер 10 бөлікке бөлінеді. Соңында төрт бірдей үшбұрыш алынады, қалаған бөлігі, қос – қостан өзара тең, үшбұрыш бейнелермен ұқсас, бірақ біреуі домалақтанып бітеді. Ойын бөлшектерінен адамның, құстардың, зымыранның және басқа да пішіндерді істеуге болады. Ойынның ережесі де сол, сол басқа ойындардағы секілді. Бір – біріне салмай, 10 бөлікті бәрін пайдаланып, көрініс көрсету.

Тікұшақты құрастыру


Сырт бейнесінің, қанаттарының және олардың бояуларымен, иллюминаторларының санымен өзгешеленген үш қатар ұшақтардың көрінісі берілген. Оң жақта орналасқан, жетіспейтін ұшақты алты пішіннен таңдау керек. Сол пішіннің белгілерін көрсете отырып, шаршының ішінде орналасатын, жауапты негіздеу керек.

Бұл тікұшақ сырт бейнесі тіктөртбұрыштың боялмаған тіктөртбұрышты қанаттарымен және иллюминатормен.


Симметрия заңы бойынша пішіндерді оң жаққа көшіруге көмектес



Мына пішіндерді түсіне қарай ажырат





Жемістерге ұқсас пішіндерді тап



Артық фигураны тап, ол қалай аталады?

Фигуралардың оң бөлігін сал

Бірдей екі бауырсақты тап





Тағыс пішіндерді тап, боя




Ойыншықтардың пішіні қандай?

Пішіні ұқсас ойыншықтарды көрсет



Шар, куб және параллелепипед суретке түсті

Дұрыс түскен суретті көрсет



Пішіндерді ата?

Суретші пішіндердің көлеңкелерін
шатастырып алыпты, көлеңкесін табуға
көмектес

